


# Өрт қауіпсіздігі туралы жалпы ережелер мен мәліметтер





---




Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
адамдардың өмірі мен  
денсаулығын, меншікті, ұлттық  
байлық пен қоршаған ортаны  
қорғау жөніндегі мемлекеттік  
қызметтің ажырамас бөлігі  
болып табылады.



# Өрт - тілсіз жау




Өрттің қай жерде және қашан шығуын болжау мүмкін емес. Ол кез келген уақытта қауіпсіздік және техникалық ережелерді сақтамаған кезде болып тұратын жайт. Оны болжау да, дәл айту да мүмкін емес.



# Өртке байланысты негізгі, әрі қысқаша мағлұматтар






өрт - адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян, материалдық залал келтіретін бақылаусыз жану;

ерікті өрт сөндіруші - өрттің алдын алу және (немесе) сөндіру жөніндегі қызметке ерікті негізде (еңбек шартын жасаспай) тікелей қатысатын азамат;

өртке қарсы ерікті құралымдар - азаматтардың елді мекендерде және ұйымдарда өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыруға қатысу нысаны;





**өртке қарсы қызмет** - белгіленген тәртіппен құрылған басқару органдарының, өрт сөндіру органының және оның облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) филиалдарының күштері мен құралдарының, соның ішінде өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыруға, олармен байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған өртке қарсы құрылымдардың **ЖИЫНТЫҒЫ;**





- **Өрт Қауіпсіздігі** - адамдардың, мүліктің, меншіктің, Қоғам мен мемлекеттің Өрттен Қорғалу жай-күйі;
- **Өрт Қауіпсіздігінің талаптары** - Өрт Қауіпсіздігін Қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Әлеуметтік және (немесе) техникалық сипаттағы арнаулы шарттар;
- **Өрт Қауіпсіздігінің талаптарын бұзу** - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген Өрт Қауіпсіздігін Қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды, ережелер мен нұсқауларды орындамау немесе тиісінше орындамау;
- **Өрт Қауіпсіздігі шаралары** - Өрт Қауіпсіздігі талаптарын орындау жөніндегі іс-әрекет;





## Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері:

- - Өрт қауіпсіздігі саласында адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау;
- - ұйымдар мен азаматтардың қызметіндегі қатер деңгейін алдын-ала анықтау, өрт қауіпсіздігі саласында сақтандыру шараларына оқытып-үйрету және алдын алу шараларын жүзеге асыру;
- - өрт сөндіру, бірінші кезектегі авариялық-құтқару және басқа қажетті жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, медициналық көмек көрсету, азаматтарды және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, өрт салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген зиянның орнын толтыру болып табылады.

